

ПІР БЕКЕТ

Б.А.Әзірханов,

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданының әкімі,

саяси ғылымдарының кандидаты.

Әуелі Алла, сонан соң Бекет әулием!

Аруағыңа бас идім!

Сыйынарым өзің болғанда,

Мен неменеге жасимын!

(Фарица Оңғарсынова)

«Сопылық жолдың» өте терең, әрі нәзік сырлары, сондай-ақ қауіп-қатері мен тайғанақ тұстары, бөгеттері мен асулары көп. Сондықтан бұл жолға түскендерге жөн сілтемейтін, басшылық беріп ескерту жасайтын қуатты иманы мен берік ұстанымы бар, осы жолдың қыр-сырын білетін дана жол көрсетуші, тәжірибелі ұстаз керек.

Сопылық жолдың рухани басшысын арабтар «шейх» (ақсақал), парсылар «пир» (ақсақал), ал қазақтар «пір» дейді. Сопылар салты бойынша Пір көзінің тірісінде орнын басатын болашақ пірді анықтап кетеді, яғни шәкірттерінің арасындағы аса дарындысына батасын беріп, өз орнына Пір болуға немесе өз алдына жаңадан жол құрып, соған Пір болуға рұхсат етеді.

Ұлы ұстаз Бақиржан Қожаның таңдауы біздің Атамызға түсіпті, сүйікті шәкіртіне батасын беріп, өзі сол жылы мәңгілік сапарға аттаныпты. Бұл 1789-90 жылдар шамасы болса керек. Сөйтіп, Бекет ата 40 жасында ұстазы Мухаммад Бақиржан Әзизден бата алып, ислам әлеміне танымал «сопылық жолдың» Пірі болады.

Біздің естуімізше қазақ жерінде өмір сүрген ғұламалардың ішінен тек Қожа Ахмет Иасауи бабамыз бен Бекет Мырзағұлұлы атамыз ғана «сопылық жолдың» Пірі болыпты. Оның екеуі де әулиеліктің ең жоғарғы сатысы «гаус» дәрежесіне жеткен делінеді. Иасауиді белгілі түрік ғалымы Фуат Көпрүлү

«түркілердің ең алғашқы пірі еді» деп жазса, қазақта «Пірдің соңы – Бекет, ердің соңы – Есет», «Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген сөздер бар.

Қазақтар ұлыстың діни басшысы болып сайланған әулие адамдарды да «пір» деп атаған. Бірақ олар сопылық жолдың пірінен бөлек. Мәселен, 1680 жылы Күлтөбедегі жиында Тәуке хан сайланғанда үш жүздің биі «аруак салыстыру» арқылы керейт Мүсірәлі Жәдікұлын «бүкіл қазақтың пірі» етіп сайлап, есіміне «сопы әзиз» деген ат қосады.

(Кие, әруак туралы ғылым – агиологияда «таңғажайып сайыс» деп аталатын бұл шараға ұлы жүзден Айқожа, орта жүзден Шортанбай қожа, кіші жүзден Мүсірәлі, қарақалпақтан Күнқожа, қырғыздан Бекқожа, өзбектен Абдулла қожа қатынасады.) Мүсірәлі 1639 жылы Бұхар хандығының Тамдыбұлақ аймағындағы Керізбұлақ ауылында туған, Ургеніште оқыған, исламға шын берілген өте әулие адам болған. Тақуалығы мен сопылығына байланысты Әжіқожа, ал ұрпақтары керейтқожа атанып кеткен, 1721 жылы 82 жасында өмірден өтіп, белгілі әулие Баба Түкті Шашты Әзиздің жанына жерленеді. Оның баласы Қасымқожа да әке жолын ұстаныпты. Ал немересі – Көне Ургеніште оқыған, қажылыққа барған Әбужәлел 1726 жылғы Ордабасындағы құрылтайда біріккен қазақ қолының рухани көсемі болып сайланыпты. Әбіш ағаның айтуына қарағанда Мүсірәлі дүние салғаннан кейін «жалпы қазақтық пір» сайланбапты.

Сопылық жолдың пірі оның аймақтардағы бөлімшелерінің басшыларын белгілеп, «иджаза» (мандат) береді. Арабша «муккадам», парсыша «ишан» делінетін оларды да қазақтар «пір» деп атайды. Біздің шалдардың «пірге қол бердім» деп жүргені – сопылық жолдың өз аймағындағы тобына мүше болдым дегені (қол беру, яғни бір жолда болуға қол алысып анттасу арабша «кабзат» делінеді).

Шындығында әр «сопылық жолдың» бір ғана пірі болады, оған пірліктің кімдер арқылы келгендігін көрсететін тізім «сілсілла» делінеді. Сопылық жолдың негізін салушы тұңғыш пірден алғашқы халифтердің біріне дейінгі аралықты көрсететін тізім «сілсіллат аль-барака» (накшбандийада «сілсіллат аз-захаб»), ал тірі пірге дейінгі аралықты көрсететін тізім «сілсіллат аль-вирд» (накшбандийада «сілсіллат ат-тарбийа») делінеді. «Сілсілланың», яғни пайғамбардан бастау алатын «алтын шынжырдың» болуы сопылықтағы ең басты шарт. Сілсілласы жоқ немесе белгілі бір кезеңдерде үзігі бар сопылық жол жалған саналады. Көзі тірі пірді

арабтар «шайх ас-саджжада», алғашқы пірдің жайнамазын ұстаушы деп те атайды.

Пір болу үшін сопы «машайық» дәрежесіне жетуі керек. (машайық – арабша «машйаха» – періштелер аян беретін терең білімді, өте ақылды адам, қазақша «абыз» деп аударылып жүр). Бұл – пір болу үшін сопыларға қойылатын ең басты талап, пірлерде болуға тиісті негізгі қасиет. Пірдің басты міндеті де осы, қазақша айтқанда «ұлы ұстаз», «абыз» болу.

Сопылық жолдағылар танымал дінтанушы Абдуль-Кадир Иса айтқандай «өзін-өзі тәрбиелеу жеке адам үшін қиын, сондықтан оны жанның кемшілігін түзету жолын білетін ұстазбен бірге өткен тиімді», - деп есептейді.

874 жылы өмірден өткен, ислам әлеміне танымал парсы дін ғұламасы Абу Йазид аль-Бистами заманынан бері «ұстазы жоқтың жетекшісі –шайтан» деген қағиданы берік ұстанатын сопылар пірді аса кәдірлейді, өзара «пірінді құбыла тұт» деседі, тіпті Қожа Ахмет Иасауидің «егер пірсіз құдайға жүз, мың рет басыңды сен исең де, құдай сені сүйіктісі етпейді», «сопылық жолға пірсіз түскендер, сарсаң болып орта жолда қалады» деген өсиеті де бар дейді.

Сопылар Пірдің тасбихында береке бар деп есептейді. Сондықтан оған ерекше қарауыл «шайх ас-сибха» қояды, тасбихты сақтаушы Пір ұрпағын «хадим ас-сибха» деп атайды. Бекет Ата Мырзағұлұлының Пірі, Ұлы ұстаз Бақиржан Қожаның ұзындығы 9 метрдей, бүгінде әрқайсысы кішкентай баланың жұдырығындай 500-дің үстінде ғана тасы қалған қасиетті үлкен тасбихы оның ұрпағы, Хиуадағы сейид Реджеп ағаның үйінде сақталған. Дінтанушы ғалымдардың айтуынша мұндай ерекше тасбих тек қана өзінің сопылық жолын құрған ұлы ғұламаларға ғана тиісті болған және ол ешкімге берілмей, оның ұрпағында сақталған.

Дін зерттеуші ғалымдар сопылық жолдың пірлерінің өз қоныстарын жыл ішінде әлденеше дүркін өзгертіп отыратынын айтады. Тіпті қайсыбіреулері бір орында 40 күннен артық отырмаған. Дінтанушы ғалымдар бұл қонысаударулар Аллаға сыйынуға қолайлы орындардың жыл ішіндегі ауысып отыруына байланысты дейді. Ал сопылардың өздері «Иленген терінің тазарып, жұмсарып, әрленетіні сияқты, адам да қоныс аударып, қиындық көріп, туа біткен нашар қылықтары мен дөрекілігінен арылып, жан дүниесі тазарып, мейірбандық пайда болып, дінге деген бірбеткейлігінен құтылады» деп есептейді. Атамыздың Оғыландыда негізгі мешіті болуы,

бірнеше жерден жерасты мешіттерін салуы сондықтан. Себебі Пірлердің негізгі қонысында «завийа» болса, қосалқы қоныстарында оның кішілеу түрі «даира» салынады.

Пірдің бәрі де Аллатағалам ерекше қабілет пен қасиет сыйлаған әулие адамдар болған. Әулие («уали», көпше түрінде «аулийа») араб сөзі, қазақша «Алланың досы», «Аллаға жақын тұрушы адам», «Алланың қамқорлығындағы адам», «Алланың мейірімі түскен адам», «Алланың қалаулы адамы» деген мағына береді.

«Мұсылмандар біріншіден, өзін барлық мәселелер бойынша ден қойып тыңдайтын және өздері оның өмір салты мен әдет-ғұрыптарын басшылыққа алып, дегенін орындайтын; екіншіден, кателерге ұрындырмай дұрыс жолға бастайды деп кәміл сеніп, айтқандарына құлдық ұратын; үшіншіден, мүмкін болса о дүниеде өздерін Алланың кәрінен қорғайды деп үміттенетін; төртіншіден, керемет қасиеттерінің арқасында өздерін бұл жалғанда қорғауға, бәле-жәле мен күнәлардан сақтауға және өздерінің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті деп есептейтін адамды әулие санайды», – дейді өткен ғасырда өмір сүрген белгілі дін ғұламасы Абу аль-Ааля аль-Маудуди өз тафсирінде.

Жаллал ад-Дин Румидің пікірінше: «әулие деген басына бәле жауғанда жүрегінен бақыт табатын адам». Ал XIV ғасырда өмір сүрген араб ғұламасы Убайд Закунидің ойынша: «Дүние – дәулетке қанағат, қиындыққа сабыр қыла алмайтындардың орны.

Әулие – дүниеге де, қанағатсыздар мен сабырсыздарға да назар аудармайтын адам». Әулиені Ибн Муаз «құдайдың жердегі хош иісі» деп есептесе, аль-Имам ан-Науауи «ақылы бар адамға Алланың әулиелері туралы жаман ойлауға болмайды» дейді.

Заманының ұлы ұстазы атанған Ибн аль-Араби «әулиелер жатқан жерде ерекше энергия болатынын» айтады, ал Ашраф Джахангир Симнани «қайда жүрсең де әуелі әулиелердің басына барып зират етіп, дұға оқы», – деп жазады (зират ету арабтың «зийара» бару, қатынасу деген сөзінен шыққан).

Венгр арабисі, әрі ислам зерттеушісі Игнац Гольдциер аруақтарға табынудың исламға дейін де болғандығын сөз етсе шығыстың ұлы ойшылы Абу Али ибн Сина Аллаға қалтқысыз қызмет еткен, тақуалық жолына түскен, таза, шын ниетпен өмір сүрген адамдарға да әулиелік қонып, кереметтер көрсету қабілетіне ие бола алады деген пікір айтады. Бірақ әулиелерге

сыйластық көрсету қарапайым өлі аруақтарға жалбарырудан бөлек. Өйткені әйгілі араб философы Әбу Хамид Газзали айтқандай «қарапайым адамның рухы тек өзіне ғана, ал әулиелердің рухы өзгелерге де әсер ете алады».

Сопылар арасында «даират ан-нубууа – пайғамбарлар дәуірінен» соң «даират аль-уалийя – әулиелер дәуірі» басталады деген сөз бар. Сопылық жолдағы ғалымдар арасында Алланың бірлігіне шек келтірместен, оның адамдардың қайсыбір қажетін қанағаттандыратын пайғамбарлары мен әулиелері де болатындығын философиялық тұрғыдан дәлелдеуге тырысатын ғылыми көзқарас та бар. Олар Алланың нұры әуелі әулиелерге түседі, сосын барып адамдарға беріледі дейді.

Әулиелер туралы тұңғыш жинақ суфизм жайлы алғашқы жазбалар шыға бастаған X ғасырда жарық көрген. Кейін әулиелердің өмірбаяны «табакаат аль-аулийя», ғылымда «агиография» делінетін олардың киесі мен қасиеттері жайлы жазбалар «манакиб аль-арифин», сондай-ақ әулиелердің кеңестер мен кездесулердегі сөздері (малфузат, маджилис), жазысқан хаттары (мактубат) өз алдына бөлек кітап болып көптеп шығарыла бастаған.

Сопылардың пікірінше «сопылық жолдың» Пірлеріне Аллатағала «береке» мен «керемет» береді (арабша «барака», «карамат»). Бірақ олар көрсететін кереметтің пайғамбарлар жасайтын «ғажайыптан» (муджизат) айырмашылығы бар.

Сейид Идирис Шахтың «Суфизм» деген кітабында шейх Умру Осман Сайрафини мен шейх Абдул-Хак Харини өз көздерімен көрген, Алла атымен куәлік ететін мынадай бір оқиға сөз болады. Хижраның бес жүз елу бесінші жылының сафар айының үшінші жаңасында олар ұстаздары, «кадирийя» сопылық жолының Пірі, сейид Абд аль-Кадир аль-Гиланидің мектебінде отырады. Бір мезгілде Пір орнынан тұрып, аяғына ағаш сандалын киіп дәрет алады, артынан екі ракат намаз оқиды. Кенет қатты айқайлап жібереді де, әуелі бір сандалын шешіп алып, далаға қарай лақтырады. Сәлден соң қатты айқайлап жіберіп, екінші сандалын лақтырады. Далаға лақтырылған екі сандал лезде көзден ғайып болады, ал мұның мәнісін сұрауға ешкімнің дәті бармайды.

Арада отыз күн өткен соң Бағдадқа күншығыстан бір керуен келеді. Олардың басшысы Пірге сый-сияпат әкелгендігін айтады, тиісті рұхсат алынғаннан соң сыйлық қабылданады. Бір қызығы сыйға тартылған азғана дүниенің ішінде бұдан ай бұрын лақтырылған Пірдің екі ағаш сандалы да болады.

Сөйтсе, бұларға жол бойында сафар айының үшінші жаңасы күні екі адам басшылық еткен араб қарақшылары шабуыл жасап, әлденеше адамын өлтіріп, дүние-мүлкін тонап алады. Қарақшылар орманға кіріп кеткен соң амалы құрыған саудагерлер Пірге жалбарына бастайды.

Бір кезде екі мәрте қатты шыққан дауыс естіледі, көп ұзамай қарақшылар қайтып келіп, қиын жағдайға душар болғанын айтып, саудагерлерге тоналған дүние-мүліктерін қайтарып алуларын өтінеді. Орманға келген саудагерлер өліп қалған қарақшының екі басшысын, олардың қасында жатқан екі ағаш сандалды көреді.

Тәуекелге бел буып, өз ризықтарын адал еңбекпен тауып жүрген керуеншілерге қиянат қылған қос арабтың ажалы осылайша айшылық жерден келіп, бастарына түскен Пірдің ағаш сандалынан болады. Бұл әлем білетін, адамзат мойындаған әңгіме.

Ендеше әулиеліктің «гаус» делінетін ең жоғарғы сатысына көтеріліп, «елі мен жерінің жебеушісі» атанған Абыз ата, аса биік мәртебе «машайық» дәрежесіне жетіп, «заманының ұлы сопысы» атағын алған ислам әлеміндегі ерекше танымал Тұлға, барша мұсылман дүниесі мойындаған әйгілі «сопылық жолдың» ширек ғасыр рухани басшысы болған Ұлағатты ұстаз, ұлан даланың ұлыс ұранына айналған Ұлы перзенті Пір Бекет туралы адам таңқаларлық ғажайып әңгімелерге аңыз деп қарамауымыз керек. Ол – аңыз емес, шындық. Тек біз, қарапайым адамдар, қырын түсіне алмайтын, сырын біле бермейтін шындық.

В статье раскрывается историческая личность Бекет Ата как яркого просветителя и великого Учителя суфийского учения. Легенды и народные предания о Бекет Ата автор рассматривает как теоретическую основу постижения феномена великого предка.

This article reveals historical personality of Beket Ata as the bright scholar and great teacher of sophism. The author considers legends and folk traditions about Beket Ata as theoretical basis of developing phenomenon, as the great ancestor.

